



Астана қ.

2023 ж. сәуір

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауын қашықтық форматта өткізеді.

Республикада 170 мыңға жуық бала мектеп үйірмелері мен мектептен тыс ұйымдарда сәндік-қолданбалы шығармашылықпен айналысады. Сәндік-қолданбалы шығармашылық оқушылардың бойында көркемдік қабілеттерін, эстетикалық талғамын, стандартты емес ойлауын, даралығын дамытады, балаларды халық мәдениетінің бастауларымен таныстырады.

Көрме-байқау сәндік-қолданбалы шығармашылықты насихаттау, білім алушылардың көркемдік, шығармашылық қабілеттерін дамыту, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға баулу мақсатында өткізіледі.

Көрме-байқауға қатысушылар – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – Көрме-байқаудың облыстық, қалалық (Астана, Алматы және Шымкент) кезеңдерінің жеңімпаздары.

Көрме-байқауға қатысушылар түрлі жанрлар мен әдістерді пайдалана отырып, жұмыстар ұсынады. Бұл ұлттық ою-өрнек элементтері бар киім үлгілері, оригами, аппликация, квиллинг, көркем кесте, ұлттық нақышта интерьер дизайн-жобалары және т.б.

Көрме-байқауға қатысу – оқушы үшін жақсы ынталандыру. Оқушының өз талантын көрсетуге, жұмысының кең аудиторияға паш етуге мүмкіндік беріледі. Балалар қоршаған әлемнің сұлулығы туралы

түсініктерін кеңейтеді, жеке қабілеттерін дамытады, өз бетінше дербес жұмыс істеу дағдысын тәрбиелейді.

Көрме-байқау өткізу балалардың жеке қабілеттерін дамытуға, көркем шығармашылық арқылы шығармашылық және зияткерлік әлеуетін белсендіруге бағытталған әлеуметтік-мәдени кеңістікте тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал етеді, сонымен қатар балалар шығармашылығының дәстүрлі және заманауи бағыттарын танымал етуге мүмкіндік береді.

Көрме-байқаудың жеңімпаздары дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттар, барлық қатысушылар сертификаттар алады.

Көрме-байқаудың қорытындысы www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 64 75 93; e-mail: altynkz2023@inbox.ru